



Тастай тағдыр жылатты оны,  
Басқа түсіп бар қайғы.  
Сол бір жанар сұрақ толы,  
Қыр соңымнан қалмайды.

Қайғы-шері мол күндерден,  
Кеткен кезде түңіліп.  
Сол көздерді көргім келген –  
Тағы да бір үңіліп.

Лықсып шыққан шері ішінен,  
Ашылмаған аралдай.  
...Көк базарда көп ішінен  
Көп сандалдым таба алмай...

Ай-жұлдыздың қанатына,  
Ақ армандар түнеді.  
Көзбен болсын ара-тұра,  
Іздейді екен кім оны?

Тағдыр деген дайын сынақ,  
Шайқалса егер тұнығың.  
Қайыршыдан қайыр сұрап,  
Өтіп жатыр ғұмырым...

## VI

...Қайғы шығып шыққа,  
Қамалтпасын тұйыққа,  
Сергі, көңілім, сергі енді!

АБАЙ

Тұнғанда айналарын тұма көлге,  
Керуені Адамзаттың куәгер ме?  
...Төрт кітап көктен әлі түспей тұрып,  
Ең алғаш жаратылған НҰР әлемде.

Атқан бар,  
Атылған бар,  
Қағынған бар,  
Ақ таңда адастырмай жолымды оң-  
ғар!  
Байлығын екі дүние қоса көріп –  
Иманы рахман нұрға шомылғандар!

Ескі сөз есте қалған өріс – дерек,  
– Келіс – деп,  
Кинамаймын  
– Келіспе – деп.  
...Бір күні құты ұсынды Сүлейменге  
Ғайыптан Жөбірейіл періште кеп:

– Тындал ап,  
Әй, Сүлеймен хазіретім,  
Бұл енді Жаратқанның мәзіреті.  
– Ажал жоқ бұл құтының суын ішсең  
Құдайым келтірген де өзі ретін.

– Іс қылды жүрегіңе жақын Алла,  
Таңдауы саған түсті,  
Қапы қалма!  
Құтыдан мәңгіліктің суын жұтып,  
Рахмет айтсаң болды Рахманға!

– Дүниенің жүрегіңде нұры қалды,  
Таныған сен бір пенде құбыланды.  
Сімірсең құтыдағы осы судан –  
Жүресің жер бетінде тірі мәңгі!

Берілмей мақтанға да,  
Алаңға да,  
Тіл қатпай он сегіз мың ғаламға да.  
– Не кенес бересіздер, –  
Халқым, – деді –  
Бұл құты бұйырылған маған ғана.

Сыйларын тағдырының көріп алып,  
Пенденің жұмыр басты өлімі анық.  
– Бұл суды тек өзіңіз сіміргеннен –  
Не қайыр,  
Не ләззат? – деді халық.

Жаттасын осы аңызды әр мұсылман,  
Жаһанда жалғыз қалсаң  
жан қысылған.  
– Халықпен бір көремін не көрсем –  
деп  
Пайғамбар ұрттамапты Мәңгі судан.

Кірпігін дүние тұр қалған ілмей,  
Күбірлеп кешегіден қалған үндей.  
Санаңа вирус кірсе  
Қиын болар –  
Ажал жетсе  
Қара да, Хан да бірдей...

Санамда майысты емен,  
Сыңды шыбық,  
Сол судан ішкізейін кімге ұсынып?  
Сүлеймен су патшасы сен кеткелі  
Ғаламның қос өкпесі тұр қысылып.

## VII

...Қытайдың Ухань қаласынан  
тараған коронавирус обасы әлем-  
нің 177 еліне жайылды.  
Жедел ақпараттан

Ақ таңға үміт  
Артады жұрт,  
Өзің де емес,  
Өзге де емес.  
Азия тұр аңтарылып,  
Еуропаны кезген елес...

Сабыр етсең  
Не етер еді,  
Тағдырынды таңбалап ап.  
Ғалам біткен жөтеледі,  
Адам біткен жар жағалап...

Сан хабардан түңіледі ел,  
Америка,  
Қытайдағы...  
Екі арада шыбын өлер,  
Құтаймаса құт аймағы.  
Не көрмеген,  
Неткен халық,  
Тауық берші,  
Байтағмына!  
Қанатымен көктемді алып,  
Қараша қаз қайтады ма?

Шерлі бір күй шеккен алап,  
Қайтар болса,  
Қонсын бәрі! –  
Жаудірейді көкке қарап,  
Қоғалы қол,  
Қом сулары...  
Бәрі сенің ниетінде еді,  
Үмітінде еді...  
Үзілмеген.  
Қанды тарих бетіндегі –  
Бабалардың ізін көрем.

Армандарым,  
Неге алдадың,  
Білте шамым біткен дейін...  
Көзімді ашсам  
Көрем бәрін –  
Көрем бәрін...  
Түк көрмеймін.

Барды ұрлаған,  
Арды ұрлаған,  
Сайтанның жой,  
Күшін мүлде!  
Жаратқанның алдында адам –  
Сен әлсізсің...  
Түсіндің бе?

Ой қамайды...  
Таласпасам,  
Сүйегімді мұң кеміріп.  
Ақиқатпен аластасам,  
Кетеді індет інге кіріп:

«...Көш, пәлекет, көш енді,  
Бірге алып кет кеселді!»

## VIII

“...Түнде тұрып өзіңе ғана арналған  
Тәһәжжүт намазын оқы!”

ҚҰРАН-КӨРІМ

Аспан асты,  
Жер үсті  
Сарыуайым,  
Алып қабір басында аңырайын.  
Зәһәрыңнан сақтай гөр,  
Зәуәтімді –  
Қағарыңнан қорқамын, а, Құдайым!

Тағдырыңның әр сәтін таңбалап ап,  
Бір күс ұшып келеді арда қанат.  
Ғалам біткен газуат күйін шалса –  
Адам біткен кетеді жар жағалап...

Сайтан ойлар санаңды шокқа малып,  
Оянасың ой қамап,  
Отқа оранып.  
Арыстарың аруаққа  
Айналғалы –  
Ағыстарың барады  
Токтап, ағып...

Танытпаса тәңірің дара шырай,  
Маңып кетіп қалады адасың Ай.  
Ән таусылған жанбырдың әуеніндей –  
Дәм таусылған тағдырдың бәрі осылай...

Арманыңа қалады кім ие боп,  
Үздікпейді еш пенде үйіңе кеп.  
...Ажалыңа араша түсе алмайды –  
Ғұмыр бойы жинаған дүние – бок.

Қалың ойлар қасқырдай қаумалаған,  
Көздер аман болсыншы,  
Таулар аман.  
Адамзаттың айбозым керуенін –  
Бөрі етектер тартпасын,  
Жау жағадан.

Ғасыр – нарым,  
Жанары  
Нұр ғажайып,  
Асылдарым барады,  
Бірге азайып...  
Сәуір туа жайлауға  
Қамданушы ек –  
Ақ боз үйдің киізін күнге жайып...

## IX

...Қарағай күн суыған сайын қатай  
түседі.

Конфуций “Луньюй” – қанатты сөздер.

?

Сұрақ белгісі,  
Сұрақ белгісі,  
Келеді пенде мұратқа ергісі.  
Ғаламның Айға  
Қол созған кезі,  
Адамның қайда қуат пен күші?  
Сұрақ белгісі...

Көктем келеді,  
Келеді көктем, –  
Көрініп қалды бедері көктен.  
Өзекті жанға  
Бір анық дүние –  
Келелі де өткен,  
Өрелі де өткен...

Ұсынды заман  
Індетін кімге,  
Ізгіліктерге ірге түрдің бе?...  
Сұрақ белгісі...  
Алдыңнан шығар –  
Қиямет күннің қыл көпірінде.  
Қарайса ойың,  
Қарын да ашады,  
Қамданып жетсең бағың да асады.  
Ізгі амалдардың ізіне түспей –  
Сандалып кетсең –  
Сабыр қашады.

Көздің ұшынан көшіп Дегелең,  
Тереңін ойдың кешіп те келем!  
Бермейді тыным  
Дүние – жалған –  
Тербейді кейде Бесіктегі Өлен...

Көбелеп шықты  
Көмейді бір үн,  
Періштең келіп демейді, Күнім!  
Жарық таңдардың жанарындағы  
Жалқын сәулелер...  
Не дейді бүгін?

Ит үрген түнде  
Заман қаңсылап,  
Үрейлі үннен  
Қалам қансырап...  
...Алып жатыр ма  
Жаратқан – Ием –  
Адамнан сынақ,  
Ғаламнан сынақ?  
Сұрақ белгісі...  
?

23.03.2020 - 2.04.2020  
Алматы

## ҰСТАЗДЫҚ — ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ

«Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шығады. Солай болған соң ең әуелі мектепке көрегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтып өткен екен. Еліміздің болашағы – жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болуы жолында көптеген ұстаздар еңбек етуде. Бастауыш сыныпқа қолдарынан жетектеп өкеліп, партаға отырғызған ұстаздар қауымы оларды тәрбиелі, ұқыпты, білімді тұлға етіп қалыптастырып, мектептен шығарып салады. Бұл деген – үлкен жұмыс, қасиетті іс, қадірлі еңбек. Түлектерінің қанатын қомдап, үлкен өмірге ұшырап алдында олардың әрқайсысына бақыт тілеп, ақ жол тілеп, сәттілік тілеп, көздеріне жас алатын да осы ұстаздар қауымы.

Осындай қасиетті мамандықтың иесі жерлесіміз Қожаханов Серік Смағұлұлы. «Алпыс – тал түс» дегендей, бүгінде ол мерейлі алпыс жасқа толып отыр.

Еліне елеулі, халқына қалаулы болған ұстаз 1960 жылғы 12 сәуірде Басши ауылында дүниеге келді. Ұлағатты ұстаздардың бірі Әбдіреш Абдрахимовтың жетекшілігіндегі 1-сыныпқа барып, 1977 жылы орта мектепті үздіктер қатарында аяқтады. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген халық даналығы бар. Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері болған Баяш Ағыламов пен Нүсіпқожа Баққожаев сынды ұстаздарын сағынышпен еске алды. Өзінің бала кезде өлен шығаратын әдеті болғандықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болсам деген арманы қылаң береді.

1978–80 жылдары әскери борышын өтеген соң Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне түсіп, 1985 жылы аяқтады. Сол жылы Басши әкімшілігіне қарасты Геология орта мектебінде ұстаз атты мамандықтың алғашқы қадамын жасап, еңбек жолын осы мектептен бастады. Ал, 1990 жылы Райымбек атындағы орта мектепте өз мамандығы бойынша еңбек етті. 1998 жылы Кербұлақ аудандық әкімшілігінде спорт және туризм бөлімінің бастығы, 2000 жылдан 2003 жылға дейін Беріктас орта мектебінің, 2012–2017 жылдары Аралтөбе орта мектебінің, 2017 жылдан бері Панфилов атындағы орта мектептің директоры қызметін атқарып келеді. Ұстаздық еңбек өтілі 35 жыл, оның ішінде 15 жылдан аса мектеп директорының қызметін атқарды.

«Абай атамыздың «Ақырын



жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» дегеніндей, ұстаз болған соң шәкірттерім биіктерден көрінсе екен, егеменді Қазақстанның отансүйгіш, мықты бір азаматтары болса деп тілеймін» деген ұстаздың еңбегі еш кеткен жоқ. Оның шәкірттері қазіргі кезде спорт, білім және басқа да салаларда еліміздің елеулі азаматтары қатарында биік белестерден көрініп, еңбек етуде.

Білімді де білікті ұстаздың осы уақыт аралығындағы марапаттары көп-ақ. Атап айтар болсақ, аудандық білім бөлімінің Құрмет грамоталары, облыстық білім департаментінің Құрмет грамотасы, аудан әкімінің Құрмет грамоталары, «Нұр Отан» партиясы облыстық бөлімшесінің Құрмет грамоталары, республикалық Білім және ғылым қызметкерінің Құрмет грамотасы сынды марапаттары жетерлік. 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен Қазақстан Білім және ғылым салалық кәсіподақтарының XV съезіне Алматы облысынан делегат болып барған алты мұғалімнің бірі – Серік Смағұлұлы болды.

Әңгіме барысында Серік Смағұлұлы: «Отбасында бес бала болдық – үш ұл, екі қыз. Мен үйде органшы баламын. Әкем Смағұл Қожаханұлы «Басши» совхозында дирек-

тордың орынбасары болып қызмет етті. Анам Бисара Мұқашқызы балалардың тәрбиесімен айналысты. Көбінесе шешеміздің тәрбиесін көріп өстік. Әкем марқұм ерте кетіп, кеш келетін. Анам өте қарапайым адам болатын. Ол бізді қызықты кітаптарды оқуға баулыды. Дастан-жырларды жаттататын еді. Нағашы атам мен апамызға батырлар жырын оқып беруші едік. Олар айызы қанып тындайтын. Білімге құштар болған үйдегі ұл-қыздардың барлығы да жоғары білім алып, өз жолымызды таптық. Мен институт бітіріп келген, 1985 жылы әкем 55 жасында жол апатынан қайтыс болды. Анам 2008 жылы дүниеден өтті. Аяулы ата-аналарымызды еске алып, Құран бағыштау – перзенттерінің парызы ғой. Жұма күндері Құран бағыштау – қашанғы әдетіміз», – дей келе өзінің отбасына тоқталды. Зайыбым Заукия Токанқызы – тарих пәнінің мұғалімі. Отбасымызда бес бала тәрбиелеп өсірдік. Ерлан – Атырауда жоғары білімді мұнайшы, қызымыз Ақмарал – Алматыда медбике-фельдшер, Біржан ауылда еңбек етеді, ол да жоғары білімді. Айжан Үштөбеде медбике, Диас Талдықорғанда Халыққа қызмет көрсету орталығының бөлім басшысы. Үш немереміз бар. Ұл-қыздарымыз өз алдына үй болып, бір-бір шаңырақтың иесі атануда».

Райымбек орта мектебінің директоры Еркебұлан Самылтыров әріптесі жайында: «Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет» деп Б. Момышұлы айтқандай, Серік Смағұлұлы – абыройлы, беделді ұстаздардың бірі. Сегіз қырлы, бір сырлы жігіт ағасы десек болады. Өзі көпшіл. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары. Спорт десе ішкен асын жерге қояды. Жасына қарамай миллиард үстел теннисі және волейболды жақсы ойнайды. Суға жүзгенді ұнатады. Аздап домбыра шертіп, ән айтатыны бар. Барлық адамдармен тез тіл табысады» – дейді.

«Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деген екен Жан-Жак Руссо. Шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі – мұғалім екені рас. Оның әрбір сөзі жүректерге нұр құятын өмірдің қайнар көзі, бал бұлағы. Ұстаз болу – екінің бірінің қолынан келе бермейтін шаруа. Ол аса үлкен жауапкершілікті қажет ететін еңбек десек, Серік Смағұлұлының шәкірт тәрбиелеуде сіңірген еңбегі зор деуімізге болады. Олай болса, ұлағатты ұстазды асқаралы алпыс жасымен құттықтаймыз. Деніне саулық, отбасына амандық, баянды бақыт тілейміз.

Айнаш ҚАСЕНОВА,  
ҚР Журналистер одағының мүшесі,  
Қазақ журналистикасының қайраткері

### ◆ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

## Еңселі БІЛІМ ОРДАСЫ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ ОРДАЛАРЫНЫҢ  
ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ БҮГІНДЕ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕСІ БАР ЖЕТЕКШІ УНИВЕРСИТЕТ.

Әрбір мектеп түлегін белгілі бір мамандық иесі, қоғамнан өз орнын таба алатын жеке тұлға ететін тәрбие ошағы – жоғары оқу орны. Болашақ білім ордасын дұрыс таңдау – өмірлік таңдау. Менің таңдауым дәл осы университет болды.

Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға биыл 86 жыл толып отыр. Қазіргі уақытта ҚазҰУ әлемнің 400-ден астам ірі университеттерімен қарқынды жұмыс атқаруда. Бұл тікелей халықаралық ынтымақтастықтың кенеюімен және интернационализацияның дамуымен байланысты.

86 жылдық тарихында университет қабырғасынан еліміздің өркендеуіне үлес қосқан талай білікті мамандар шықты. Ел басқаруда, халыққа қызмет көрсетуде еңбек етіп жатқан тұлғалардың ҚазҰУ-дан шығуының өзі оның ұлттық университет дәрежесін айқындап тұр.

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері, болашақ бака-лавр, магистр, докторанттарды гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық мамандықтар бойынша даярлайды.

Білім ордасында әскери біліктілік пен атақ беретін әскери кафедра, мұражайлар, ғылыми кітапхана, “Парасат” қызметкерлерінің кәсіподағы, түлектер қауымдастығы, процесті инновациялар мен жерді қашықтан бақылау орталықтарын қамтитын IT-технопарк, Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, спорт кешені мен стадион, Студенттер үйі, медициналық орталық және «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы студенттер игілігі үшін жұмыс істейді.

ҚазҰУ қалашығында біздің алаңсыз білім алуларымызға барлық жағдайлар жасалған. Инновациялық жобаларға құштар, заман ағы-мынан қалмауға тырысатын студенттер үшін әр факультетте бизнес-инкубаторлар, университетте технопарк қызмет етеді.

Әр жыл сайын университет қабырғасында дәстүрлі түрде «Студенттік көктем», бірінші курс таланттарын анықтауда «Жалын», ҚВН, «Ана тілі аруы – Жігіт сұлтаны» сияқты байқаулар өткізіледі.

Қорытындылай келе айтарымыз, ҚазҰУ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен. Ал мен болашақта еліміздің экономика саласына өзімнің үлесімді қосатын қара шаңырағымыздың түлегі атанатынымды мақтан тұтамын!

Арайлым КУСПЕКОВА,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі  
А. ОРАЗЫМБЕТОВА,  
«Бизнес-технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы